

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1-ТАРАУ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАТЫСУЫ МЕН РӨЛІ

- 1.1 Қазақстанның халықаралық саудадағы орны және рөлі
- 1.2 Халықаралық тауар айырбасындағы дамушы елдердің орны мен рөлі
- 1.3 Қазақстанның дамушы елдермен экономикалық қатынастарының болашағы
- 1.4 Қазақстан және ТМД-ның экономикалық қатынастарының болашағымен мақсаттары

2-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАДА ҚАТЫСУЫ

- 2.1 Халықаралық валюта-қаржы және несие қатынастары жүйесіндегі Қазақстанның орны
- 2.2 Халықаралық экономикалық ұйымдар және олардың Қазақстандағы қызметі
- 2.3 Орталық Азия Экономикалық кеңістігі

ҚОРЫТЫНДЫ

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

КІРІСПЕ

XX ғасырдың екінші жартысындағы дүниежүзілік шаруашылықтың айтарлықтай ерекшеліктерінің бірі - халықаралық экономикалық қатынастардың жедел әрі қарқынды дамуы.

Әр түрлі мемлекеттер мен фирмалардың, сондай-ақ мемлекеттер арасындағы екі жақты, көп жақты экономикалық қатынастардың кең қанат жайып, талпырып терең тарта бастағанының куәсі болып отырмыз. Бұл процестер халықаралық еңбек бөлінісінің тереңдеуінен, шаруашылық өмірдің интернационалдануынан, ұлттық экономикалардың мейлінше ашықтыққа ұмтылысынан, аймақтық халықаралық құрылымдардың жақындасып, өзара пайдалы көмек арқылы нығайтып, дами бастағанынан көрінеді. Әрине, аталған процестер оңайшылықпен жүріп жатқан жоқ. Бұлар бәсекелі, қайшылықты, диалектикалық қозғалыс, құбылыстарға толы процестер. Халықаралық экономикалық қатынастардың диалектикасының өзі жекелеген елдердің экономикалық тәуелсіздік пен ұлттық шаруашылықты көрмейдуге деген ұмтылысының өкірінісі. Дүниежүзілік шаруашылықтың нығайтып, интернационалдануы, ұлттық экономикалардың мейлінше ашықтығы, дамудың жаңа тиімді арналарының пайда болуы - бұлардың бәрі экономикалық өсудің диалектикасы.

Қазіргі кезеңде адамзат әлемін "ақ, қара" деп жіктеп, оған "капитализм", "социализм" атты айдар тағушылықпен қоса жасанды антагонизмдер де келмеске кетті. Біздің заманымыз өзара байланысты, экономикалық дамудың жалпыға ортақ заңдылықтарына бағынатын біртұтас әлем. Сондықтан еліміздің ойдағыдай өркендеп, гүлденуі үшін сыртқы экономикалық байланыстардың маңызы зор.

Қазақстан Республикасы бұрынғы кеңес өкіметі тұсында халықаралық экономикалық қатынастардың субъектісі бола алған жоқ. Сыртқы экономикалық байланыстардың субъектісі болуына оған ешкім мүмкіндік те берген жоқ еді.

Ал, қазір Қазақстанның егеменді ел ретінде қалыптасуы барысында халықаралық экономикалық қатынастар ғылымын қолға алып, оны оқитуды жетілдіру көкейтесті мәселеге айналып отыр.

Еліміздің сыртқы экономикалық байланыстарын орнықтырып, дамытудың қазіргі кезеңі сол қатынастардың нысандары мен әдістерін түбегейлі өзгерту қажеттігімен айқындалады. Мемлекет құрылымы қандай түрінде болмасын отандық жүздеген фирмалар мен кәсіпорындар

халықаралық экономикалық қарым-қатынастарға қосылып, оның белсенді мүшесі болуға ұмтылуда. Бұл, әрине, мейлінше қолдауға тұрарлық құбылыс. Дегенмен, қазақстандық өндірушілер мен тұтынушылардың дүниежүзілік сауда-саттық процесіне еркін адылдап кіруіне, экономикалық интеграцияның шарталаттарын пайдалануына кедергі боларлық себептер де көк емес. Сол себептердің бірі халықаралық экономикалық қатынастар саласындағы бай тәжірибені екшейтін, әлемдік рыноктың ерекшеліктерін талдайтын қазақ тіліндегі оқу құралдарының тапшылығы. Халықаралық рыноктың орта өзінің экономикалық, ұйымдық, заңдық т. б. аспектілері бойынша біздің елде қалыптасып, орныққан шаруашылық қызметін жүргізу әдіс-амалдарынан өзгеше екендігі мәлім. Соңғы уақытқа дейін орын алып келген сыртқы экономикалық қатынастарға деген көзқарасымыз рыноктың заңдарына сәйкес құрылған экономикалық жүйелерде өзінің шарасыздығын, тіпті кейбір сәттерде зиянды екендігін көрсетіп жүр. Мұның өзі шетелдік әріптестермен өзара түсінікті, бірлескен і-қимылдарды атқаруды күрделендіреді, тіпті заңға кетіреді.

Сондықтан да, біз халықаралық экономикалық қатынастардың мақсаттары мен міндеттерін, оның құрылымын және жүзеге асыру механизмі мен ерекшеліктерін, дамуының негізгі тенденциялары мен өзгешеліктерін тұңғыш рет қазақ тілінде жазылып отырған осы оқу құралында қарастырамыз.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАТЫСУЫ МЕН РӨЛІ

Қазақстанның халықаралық саудадағы орны және ролі

Қазақстанның егемен ел ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымына және басқа да көптеген халықаралық ұйымдарға мүше болуы ел экономикасын халықаралық сауда қарым-қатынастарына интеграциялауға объективті жағдайлар жасады.

1. Инфляция деңгейінің төмендеуіне байланысты Ұлттық банктің қайта қаржыландыру ставкасы егер 1995 жылдың орта шенінде жылдық 75 процент болса, сол жылдың аяғында 52,5, ал 1996 жылы 30 процент болды.

2. Өндірістің құлдырауы тежеліп, макроэкономикалық ахуал барыпша тұрақтанып, келешегіне болжам жасайтындай күйге жете бастады. Ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) 1996 жылдың бірінші жарты жылында 1995 жылдың сол кезекімен салыстырғанда — 100,1 процент, соның ішінде өнеркәсіп өнімі — 100,2 процент болды. Соңғы жеті жылдың ішінде тұңғыш рет Қазақстанда өндірістің құлдырауы тоқталып, біршама экономикалық өсуге қол жеткізілді.

3. Экспорт өнімдері тұрақты түрде ұлғаюда, егер 1995 жылы оның өсімі 154,5 процент болса, кейінгі жылдары да едәуір өседі деп күтілуде.

Қазіргі кезде Қазақстанда қолданылып отырған сыртқы сауда режимі, баға жасау еркіндігі және дүниежүзілік рыноктағы бәсеке бағытында елеулі өзгерістер қажеттігі туындап отыр.

Солардың ішінде:

- облыстардың лицензиялар беру құқығын жойып, сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінен мемлекеттік сыртқы сауда компанияларын бөліп, олардан монополиялық сауда жасау құқығын алу қажет;

- Барлық лицензиялар мен квоталарды (үлестерді) аукциондарда сатуды заңдастыру керек. Мұның өзі пайданың бір бөлігін мемлекет қазынасына алуға, меншіктің әртүрлі нысанындағы кез келген кәсіпорындардың лицензиялар мен квоталарға ашық және бәсекелесті түрде қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

- Экспорттық салалар мен өндірістің дамуын жетілдіре беру мен ынталандыру мақсатында экспорттық салық салу жүйесінде тұрақты түрде талдаулар жасап, қажет болған жағдайда оларға өзгерістер енгізу бүтінгі күннің талабы.

Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстар саласындағы орнын тұрақтандырып, рөлін мейлінше арттыру бағыттарында қолға алынған жұмыстар жеткілікті. Бұл жұмыстардың негізгілерінің ішінде аяқталған кешен құрып, экспорттағы шикізат бағытын жеңу үшін сыртқы экономикалық байланыстар саласын республика экономикасын құрылымдық қайта құру бағдарламасына сәйкестендіре беру қажет. Бұл ретте дайын өнім өндіретін аяқталған технологиялық кешендер құрып, өндіруі салаларды экстенсивті дамудан интензивті дамуға көшіріп, дүниежүзілік деңгейдегі жаңа технологияларды пайдалануды мақсат тұту керек.

Экспорт мүмкіндіктерін ұлғайта беру үшін интензивті ауыл шаруашылығын, жеңіл және тамақ өнеркәсібін жан-жақты дамыту жөніндегі іс-шараларды батып қолға алу міндеттері тұр.

Аталған салалар мен өндірістерді шұғыл дамыту мемлекеттің экспорттық потенциалын ұлғайтын қана қоймай, жұмыспен толық қамту мәселесіне де қолайлы жағдай жасайды. Егер республикадағы жұмыспен қушынның салыстырмалы арзандығы мен қолда бар шикізатты, мысалы өндірістік қалдықтарды жеңіл және тез іске асыруға болатындығын ескерсек олардың экономикалық тиімділік деңгейі жоғары екендігі түсінікті.

Қазақстанның халықаралық саудадағы рөлін күшейту үшін оған тән ерекшеліктерді байқап, бағдарлау қажет.

Экономикасының шикізаттық бағыты, шетел известициялары мен жаңа технологияларға деген қажеттілік, инфрақұрылымның төмен дәрежесі Республиканың дамушы ел екендігінің дәлелдері.

Ал, дамушы елдердің өз экспортына қолайлы база жасау бағытындағы іс-қимылдары көптеген көдергілерге кездесетіні белгілі. Мысалы, дамыған елдер, атап айтсақ АҚШ "Таргетинг" дегенді пайдаланушы елдерге (негізінен "жаңа индустриалды елдер") қарсы санкциялар (жазалау шаралары) қолданады.

Таргетинг - экспорттық потенциалды, негізінен бір мақсатты ғана көздеп, есіре беру.

1997 жылдың басында, Мәскеуде, Интеграциялық комитетте Беларусьтің, Қазақстанның, Қырғызстанның және Ресей Федерациясының сарапшы топтарының Бүкіл дүниежүзілік сауда ұйымына кіру мәселесі жөнінде жұмыс бабындағы кеңесі болып өтті. Кеңеске қатысушылар 1996 жылдың соңында Сингапурде өткен БСҰ-ға мүше мемлекеттер министрлері конференциясының жұмыс қорытындысын талқылады. Бұл форумның мақсаты БСҰ мүшелерінің келісімдер мен шешімдер жөніндегі

міндеттемелерін орындауын қарау, беделді Халықаралық сауда ұйымы қызметінің жұмыс бағдарламасына шолу жасау, дүниежүзілік саудада қалыптасып отырған бағыттарды және ең алдымен дамушы елдерге қойылатын талаптарды талдады.

1996 жылғы Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей үкіметтері делегацияларының БСҰ-ға кіру мәселелері жөніндегі жұмысының қорытындылары, олардың осы бағытта қазір жүргізіліп отырған қызметінің жоспарлары қаралды.

“Төрттік” елдердің БСҰ-ға қосылу туралы құжаттарды дербес жасайтыны және дербес келіссөз жүргізетіні атап өтілді. Кеден одағына қатысушылардың БСҰ-ға қосылуы айтарлықтай күрделі процесс болып табылатыны, сондықтан ұзақ уақытқа созылатыны айтылды.

Қазақстан дербес сыртқы экономикалық саясатты жасау мәселесінде халықаралық саудада қалыптасқан жағдайлармен есептесіп, өз бағыт-бағдарын соларға сәйкестендіре анықтауы қажет.

Халықаралық тауар айналысындағы дамушы елдердің орны мен ролі

Халықаралық еңбек бөлінісінде шаруашылық қызметтің көптеген сфералары қатысады. Соның ішінде ең алдымен шикізат пен дайын өнімдер өндірісін атап айту керек. Себебі, бұлар халықаралық сауданың негізін қалайды, сөйтіп дамушы және басқа елдер арасында экономикалық ресурстардың ауысуып қалтамасыз етеді. Дамушы елдер үшін, әсіресе, олардың ең кедей топтары үшін бұл қаржы-валюталық табыстың сенімді көзі. Дегенмен, өнеркәсібі дамыған елдер экономикасында материал және энергия сыйымдылығының төмендеуіне байланысты халықаралық саудадағы табиғи ресурстардың ролі кему үстінде. Мысалы, 90-жылдардың басында табиғи шикізаттың дүниежүзілік экспорттағы үлесі 25% болды. Сонымен қатар дамушы елдердің өздерінің арасында да дәстүрлі тауарлар үлесінің арасалмағы айтарлықтай өзгерістерге ұшырап жатыр. Айталық, 70-90 жылдары дамушы елдердің жалпы экспорты көлемінде Африка елдерінің үлесі азайды. Олардың үлесі екі еседен артық,

17%-тен 8%-ке дейін кеміп кетті. Керісінше, азиялық елдердің үлесі үнемі арту үстінде. Шикізатты экспорттаушы-дамушы елдер қазірдің өзінде дүниежүзілік рыноктағы позицияларын тұрақтандыру үшін қосымша экспорттық мүмкіндіктерді шұғыл іздестіруде. Бұл орайдағы басты бағыт экспортты диверсификациялау болып отыр. Экспортты диверсификациялаудың мәні шетке шығарылатын шикізатты барынша өңдеу, ұжасу, сөйтіп дүниежүзілік рынокқа өнеркәсіп өнімдерінің жаңа түрлерін ұсыну.

Көптеген проблемаларға қарамастан дәстүрлі тауарлар экспортын кеңейту ісінде дамушы елдердің дүниежүзілік рыноктағы үлесі бірте-бірте және үздіксіз артып келеді. Мысалы, 1992 жылы дәстүрлі тауарлар экспорты 1987 жылмен салыстырғанда 2,7%-ке өсті. Ал, 1993 жылы экспорт көлемінің тағы да 10%-ке өскені белгілі болды.

Соңғы жылдары дамушы елдерде жасалатын экспорттық құрылымның қайта қарау процесі жүріп жатыр. Айталық, 90-жылдардың бас кезінде дамушы елдердің экспорттағы өнеркәсіп өнімдерінің (түсті металдарды қосқанда) үлесі 37,7-ке жетті. Бұл үлес тұрақты түрде өсіп келеді. 90-жылдардың ортасында дүниежүзілік экспорттағы олардың үлесі 25%-тен асты. Өнеркәсіп өнімдері экспортында машыналар мен жабдықтар экспортының маңызды рөл атқаратыны белгілі. Соңғы 20 жылда олардың экспорттағы үлесі 90 есеге дейін артты.

Дамушы елдердің жалпы көрсеткіштерінің сыртында жекелеген мемлекеттердің экспорттық мүмкіндіктері жасырын қалмас үшін кейбір мәліметтерді келтірейік. 1980-92 жылдары Иран, Конго, Лаос, Бөлівия, Парагвай сияқты елдердің халықаралық еңбек бөлінісіндегі үлесі шикізатты шетке шығару арқылы өсті. Басқа бір елдер дүниежүзілік экспорттағы өз үлестерін ұжасушы өнеркәсіп өнімдерін қарқынды түрде шетке шығару нәтижесінде арттырып отыр. Осы топтағы елдердің жетістіктерінің өзі әр қысы. Айталық, алғы шепте “жаңа индустриалды елдер” келе жатса, басқалары өздерінің экспорттық мүмкіндіктері көлемін біршама төмендетіп жіберді. Ондай елдердің қатарына, мысалы, Африкадағы ең ірі мемлекет Нигерия жатады. Бұл ел дүниежүзілік экспорттағы өз үлесінің кемуіне жол берді.

Дүниежүзілік экономикадағы дамушы елдердің жалпы сипаттамасына қарасақ, онда ең нашар дамушы елдер халықаралық экономикалық қатынастар жүйесінен біртүр-бірте ығыстырылатын жағдайға душар болуы әбден мүмкін.

Мұндай қорытындыға сауда және даму жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы конференциясының (ЮНКТАД) 1996 жылғы бағдарламасының авторлары келген. Олардың пікірінше Бүкіл дүниежүзілік Сауда Ұйымының (БСҰ) Уругвай раунды шеңберінде қабылданған әлемдік сауда пакті бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау үшін берілетін субсидиялар (жәрдем ақша) қысқарады. Бұл шешім нашар дамушы елдер үшін күшті соққы. Себебі, астықтың, қанттың, еттің т. б. азық-түліктің өзіндік құны жоғарылайды да соған сәйкес ең кедей елдердің жыл сайынғы сауда дефициті (тапшылығы) 2000 жылға қарай 300—600 млрд. долларға өседі деген болжам бар.

Дүниежүзілік саудадағы шикізат пен азық-түлік үлесінің азаюы оларды өндіруге маманданудың ролін біраз кемітіп тастады. Экономикалық өсудің шикізаттық бағытты ендігі уақытта тек көмекші роль атқаратын болады. Сондықтан, дамушы елдердің экономикалық өсуіне қажетті қарқын беру үшін еңбекті көп қажет ететін қарапайым тауарлар өндірісін және оның рыногын итеруге тура келіп тұр.

Халықаралық сауданың даму тенденциясы соңғы онжылдықта әртүрлі қызмет көрсетулер рыногының маңызы мен көлемінің өте жедел өсіп келе жатқанын көрсетеді. Дамушы елдер бұл саладағы өз мүмкіндіктерін толық пайдалануы қажет, ал қайсыбірі бұл мәселені мықтап қолға алды да.

Мысалы, туризмді жандандыру, жұмысшы күшін жалақысы төмен “лаз” жұмыстарды істеу үшін экспорттау т. с. с.

Көптеген дамушы елдер үшін туризм шетелдік валютаны көптіретін негізгі арнаға айналып отыр. Египетте туризмнен түсетін валюта өз көлемі бойынша бұл елдің шетелдерде жұмыс істейтін адамдарының ақша аударуы мен шетелдік көмек арқылы келетін қаражаттардан кейінгі үшінші орында тұр. Соңғы жылдары шетелдік туризм Түркияда да ерекше қарқын алып, жедел дамуда. Егер, соңғы жылдары дүниежүзілік туристік алмасулар 4%-ке артса, Түркияда бұл көрсеткіш 8%-ке көбейді. Ұлттық экономиканың туристік секторы жедел дамып келе жатқан дүние жүзіндегі 5 елдің бірі — Түркия.

Жұмысшы күшін экспорттаудан келетін валюталық түсімдер бойынша ең жоғары қарқын (жылына 10%) дамушы елдердің үлесінде. Жыл сайын табыстың осы көзінен мол пайда тауып отырған көптеген дамушы елдер еңбек ресурстарын экспорттауға әбден машықтанып алды. 80-жылдардың басынан бері жұмысшы күшін экспорттаудың ұлттық экономикаға көптіретін пайдасы бойынша Пәкістан бірінші орында келеді. Пәкістан жұмысшыларының шетелден аударатын валюталарының сомасы тауарлар мен қызмет көрсету түрлерін экспорттаудан түсетін валютадан 3 есе артық. Египетте бұл көрсеткіш - 40%, Мароккада - 50%, Түркияда - 60%, Үндістанда - 80%.

Кедейлік құрсауынан шығуға ұлттық дамушы елдерді экономиканың жоғары технологиялық салаларын дамытуға ынталандыруда. Ол үшін қолайлы инвестициялық ахуал мен қажетті инфрақұрылымдарды қалыптастыру және арнайы экономикалық аймақтар құру мәселелері дамушы елдердің күн тәртібінде тұр. Дамушы елдердің бұл бағыттағы шаралары өздерінің алғашқы жемістерін де бере бастады.

Қазақстанның дамушы елдермен экономикалық қатынастарының Болашағы

Ұлттық экономика дамуының, оны реформалаудың кезек күттірмес мәселелері Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстарын мейлінше күшейтуді талап етеді. Бұл байланыстар халықаралық еңбек бөлінісінің артықшылықтарын пайдалануға жетелейді.

Қазақстанның экономикалық мүдделерінің күрделілігі және көптүрлілігі дүниежүзілік қоғамдастықтың даму дәрежесі әр деңгейлі елдерімен экономикалық ынтымақтастықты қалыптастыруды талап етеді. Дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отырғандай, әрбір елдің халықаралық еңбек бөлінісіне нақты қатысу мүмкіндігі оның экономикасының экспортқа бейімділігімен анықталады.

Елдің экспортқа бейімділігі салыстырмалы артықшылықтары бар өндірістер мен құрылымдарды мейлінше жандандырып, дамытуға қолайлы жағдайлар жасайды. Ал лұғның өзі өз кезегінде елдің экономикалық ресурстарын толық және тиімді пайдалануға жол ашады.

Қазақстан мен дамушы елдер экономикаларының бірін-бірі толықтыру мүмкіндіктері зәжеттілікті. Оларға қойылатын дүниежүзілік рынок талаптарының ұжастығы, өзара мүдделілік т. б. дамушы елдермен сауда-экономикалық қатынастарды көптеген позициялар бойынша өрістетуге ынталандырады.

Мамандардың айтуынша дамушы елдердің рыногы Қазақстан экономикасына қажетті құрылымдық өзгерістер мен экспортты диверсификациялауды жүзеге асыру үшін мейлінше қолайлы. Жалпы, Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстарын кеңейтудің негізгі екі жолы бар. Біріншісі, отандық тауарлар құрылымын жетілдіру, екіншісі сыртқы сауда операцияларының географиялық ауқымын кеңейту. Аталған бағыттар өзара байланысты.

Қазақстан экспортының дамыту жөнінде сөз болғанда, ең алдымен елдің шикізат ресурстарын экспорттаудың ұтымды бағыттарын қарастыру қажет. Ел экономикасының мүдделеріне сай сыртқы сауда-экономикалық байланыстарды қалыптастыру үшін объективті мүмкіндіктердің бәрі бар. Оларға, ең алдымен Қазақстанның табиғи қазба байлықтарының мол қоры жатады. Пайдалы қазбалардың зерттелген қоры бойынша Қазақстан дүние жүзіндегі ең бай елдердің қатарынан орын алады. Менделеев кестесіндегі 115 элементтің 99 элементі республика қойнауынан табылды, оның 70 түрінің

қоры анықталған, 60 түрі өндірістік әдіспен қазып алынуда. Мұнай, газ, марганец, хром, фосфор, темир рудалары, вольфрам, молибден, корғасын, көмір запастары бойынша Қазақстан дүние жүзі елдерінің бірінші орынына кіреді. Сонымен қатар, Қазақстанның далыған пайдалы қазбалар шығару өнеркәсібі бар. Шикізат экспортының өсуіне дүниежүзілік рыноктағы оған деген сұраныстың төмендеуі кәрізсер етіп отыр. Сондықтан Қазақстан шикізатына қызығушы елдердің сұранысын тұрақты түрде ынталандыру үшін оны өңдеудің технологиясын мейлінше тереңдету қажет. Мысалы, алтын запастары бойынша Қазақстан дүние жүзіндегі алтын өндіруші елдердің бірінші орынына кіреді, дегенмен оны өңдеу жұмыстары енді ғана қолға алына бастады. Түпкі нәтижелерге, түпкі тиімділікке ұмтылу қазіргі күннің басты талабы. Экспорт саясатында жаңа географиялық кеңістіктерді игеруге ұмтылыс, дамушы елдермен де байланыстарды нығайтуды көздейді. Бұл мәселенің тағы бір жағы — өнеркәсібі дамыған елдер біздің олар үшін тек шикізат базасы болып қала бергенімізді қалайды. Ол елдердің өңдеуші ұжымдары өнеркәсібі бұрыннан қалыптасқан, тиімді жұмыс істейді. Дамыған елдерді Қазақстан арзан шикізат көзі ретінде ғана қызықтырады. Сондықтан, Қазақстанның экспорттық саясаты ескі байланыстарды сақтап отырып, халықаралық экономикалық қатынастарда жаңа әріптестерді табуға бағытталуы еліміздің экономикалық өсу ұмтылыстарына сай келеді. Дәл осы тұрғыдан Қазақстанның дамушы және “жаңа индустриалды” елдермен экономикалық қатынастарын жандандыру болашағынан көп үміт күттіретін процесс болмақ. Мұның өзі Қазақстанның негізгі стратегиялық мақсаты — ұлттық экономиканың аграрлы-шикізат құрылымын өзгерту үшін өте қажет мәселелер.

Импорттық саясатта мемлекеттің өмір сүруіне қажет өнімдерден өзгелеріне икемді әкімшілік-экономикалық саясат ұстану керек сияқты. Себебі, импортты ынталандыру, практика көрсетіп отырғанындай ұлттық іскерлікті дамытуда зиянын тигізеді.

Әрине, рыноктық экономиканың заңдылықтарынан жасырынып, бұрын қалу еліміздің қолынан келмейтін іс, дегенмен шетел тауарларымен бәсекелік күреске түсе алатындай ұлттық өндірістің алып шарттарын жасаудың орнына оларды тұншықтыра бергеннен келер пайда жоқ. Импорттық тауарлардың кейбір түріне жоғары кеден бажын салу арқылы, дәл сол тауарлардың ұлттық өндірісін қалыптастыруда мемлекеттік реттеу шараларын қолдану артық болмас еді. Қазақстан экспортының тауарлық

құрылымы 1996 жылы мынаны көрсетті: 48% — астық экспорты, 32% — химия және түсті металдар экспорты, 9% — сирек металдар экспорты.

Дамушы елдермен экономикалық қатынастарды қалыптастырып, жандандыруды сол елдерден халық тұтынатын тауарлар, техника мен технологияны импорттау мәселесіне де зер салу қажет. Бұл мәселені шешу барысында өнеркәсібі дамыған елдердің іс-тәжірибесінен үйрену артық болмайды. Ең алдымен дамушы елдермен бірлескен кәсіпорындар құру, сол себепті капиталдарды шоғырландыруды жүзеге асырған жөн. Екіншіден, импорт тепа-теңдігіне жету бағытында Қазақстанмен сауда балансы оңды елдерден импортты балансы теріс елдерге қарай аудару да естен шықпағаны дұрыс.

90-жылдардың тәжірибесі көрсеткендей, дамушы елдерден, әсіресе “жаңа индустриалды елдермен” өнеркәсіп өнімдерінің, киімнің, аяқ киімнің, күнделікті қажет тауарлардың кең ассортиментін алуға мүмкіндік бар.

Дамушы елдермен экономикалық қатынастарды кеңейтуде екі жақты және көп жақты ғылыми-өндірістік ынтымақтастықты дұрыс жолға қоюдың да әкелер пайдасы жоқ емес. Мұндай ынтымақтастықты ең алдымен ұлы көршіміз Қытаймен, Түркиямен, Парсы шығанағы елдерімен қалыптастырған жөн болар еді.

Дамушы елдермен экономикалық байланыстарды нығайту үшін жүйелі әрі ғылыми дәйекті стратегиялық бағыттың бағдарламасы қажет.

Қазақстан және ТМД-ның экономикалық қатынастарының болашақмен мақсаттары

Қазақстанның Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұсынған ЕАО жобасы ТМД-ның басым жақтарын дамытуға бағытталған, яғни “бұл дегеніміз — әлеуметтік-экономикалық құрылым мен экономиканың жоғары дәрежедегі интеграциялануы және жалпы тарихи-мәдени дәстүрлерді, тұрғындардың ділін дамыту”. Еуразиялық Одақ — ТМД-нан мүлде басқаша одақ. Өйткені Еуразиялық Одақтың негізінде экономикалық, қорғаныс, сыртқы саясатты реттеуді мақсат тұтқан халықаралық органдарды құру жатыр. Стратегиялық мәселелерді талқылау үшін ЕАО үкіметі мен мемлекет басшыларының кеңесін құру жоспарланып отыр, сондайақ Еуразиялық Одаққа кіретін елдердің заң шығару қызметін қадағалайтын жалпы парламентке тікелей сайлау өткізу де басты назарда. Осының өзінде Еуразиялық Одаққа мүшелік

қайсы бір екіжақты қарым-қатынастардың үшінші елдермен орнатылуына еш кедергі келтірмейді. Ұсынылып отырған Одақтың негізгі принципі — тарап, мемлекеттердің егемендігі мен тәуелсіздігі, әрбір мемлекеттің жеке ілігі мен тұрғылық құқығын қорғауы.

Әскери салада қорғаныс министрлігінің Кеңесі басқаратын әскери-қорғаныс кешенін құру көзделген, сыртқы саяси қызметті реттеу сыртқы істер министрлігі Кеңесіне жүктеледі. Күнделікті жұмыстарды атқару үшін Еуразиялық Одақтың мемлекетаралық атқарушы секретариаты құрылуы мүмкін, ол тұрақты негізде жұмыс істемек, оның құралын мемлекет басшылары айқындайтын болады. Бұл орган БҰҰ мен ОБСЕ-да бақылаушы мәртебесін иемденугі қажет.

Атқарушы секретариаттың құралы ақпараттық бюроға маңызды орын беруі мүмкін. Ұлттық азшылықтардың құқықтарын қорғау мен жүзеге асыру және келісілген білім саясатын қалыптастыру мақсатында білім, мәдениет және ғылым Кеңесін құру келелі істердің бірі. ЕАО-ның құрылуы осы Одақтың барлық мүшелері үшін жалпы құжат пен азаматтықты жүргізуді, сондай-ақ экономикалық реформалардың келісілген дәлдікті бағдарламаларын жасауды, халықаралық валютаны қабылдауды көздейді.¹

Қазақстан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1993 жылы Біфажен Ұлттар Ұйымының 47-ші Бас Ассамблеясында сөйлеген сөзінде: "Біздің достастықтың іргелі шаңырағы әзірге Еуразияның осы белгііндегі халықтар мен елдердің өзара әрекет етуінің ғасырлар бойғы дәстүрлерін толығымен есепке алмай отыр. ТМД-да еркін нарық экономикасы мен демократияға ету процесі әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақсыздықтың өсуімен, қазіргі даудамайлардың өршуімен және жаңаларының тууымен ерекшеленеді", — деп атап өтті. Сонымен қатар 1994 жылы Н. Назарбаев ұсынған "Мемлекеттердің Еуразиялық Одағын құру туралы" жобасы ТМД-ны құртуды білдірмейді, себебі, жобада көрсетілгендей: "ТМД мемлекетаралық бірлестік ретінде оған кіретін мемлекетаралық қатынастардың құқықтық дайындалуында үлкен роль атқарады. ТМД-ның мүмкіндіктері олі өзгеше қойған жоқ". Мұның үстіне, Еуразиялық Одаққа мүше-мемлекеттер ТМД-мен қатар басқа да интеграциялық бірлестіктерге қатыса алады, сонымен бірге ассоциациялық немесе тұрақты мүшелік негізінде бақылаушы мәртебесіне де ие.

Еуразиялық Одақ - бұл кеңес дәуірінен кейінгі кеңістікте тұрақтылықты және міндеткерлікті, әлеуметтік-экономикалық

¹ «Саясат және құқық» 2001 ж. жинақ

жақсартуларды нығайту мақсатына бағытталған интеграцияның жаңа түрі. Еуразиялық, кеңес дәуірінен кейінгі кезеңі үшін XX-XXI ғасырлар арасы жаңа мемлекеттердің тәуелсіздік пен егемендік алуындағы тарихи дәуір ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықтың жаңа түрін іздеу кезеңі болды.

Тәуелсіздік Мемлекеттер Достастығы саяси, әлеуметтік-экономикалық мақсаттарды шешу барысында ғана емес, сонымен қатар экономикалық интеграция моделін таңдау мәселесінде де шешім-шешірімге, түйіпке тірелді. Кеңес дәуірінен кейінгі мемлекеттердің саяси зиялылары әуелі қазіргі өркениеттің және ұлттық дәстүрлердің құндылықтарына негізделген жаңа қоғамдық санады қалыптастырмаса, мемлекеттік құрылысты құрудағы кез келген бастамалардың тиімсіз болатынын дұрыс түсінеді.

Қазақстан да дәл Ресей секілді Еуразияның орталығы еңделсе, ол да геосаяси базисті таныта отырып, болашақтағы Еуразиялық Одақтың құрылымдары айналып тұратын алтын дінгеке болып табылады. Бұл құрылымдар алғашқыда әлеуметтік-экономикалық интеграцияның аймақтық орталықтары болып есептеледі, олар болашақта қуатты саяси-экономикалық бір одаққа бірлесе алады, осылайша экономикалық бүкіл әлемдік және аймақтық экономикалық интеграция (әлемдік дәуірдегі негізгі бағыттар болып есептеледі) тұрғысынан алғанда әлем тағдырында орасан роль атқаруы мүмкін.

Жаңа тәуеліз мемлекеттер әлеуметтік-экономикалық интеграция мәселелерін шеше отырып, ортақ бір мақсатқа жұмылған, оны мыналар анықтайды:

- XXI ғасыр басында тұрақтануды қамтамасыз ету, одан әрі экономикалық өсуге қол жеткізу;
 - инфляцияның жылдық қарқынын төмендетуді жалғастыру;
 - қаржы секторы мен өнеркәсіптерді реформалау;
 - өндірістік инфрақұрылымды жаңарту;
 - құрылымдық-институционалдық реформаларды жалғастыру;
- тиімділігі жоғары бәсекелік мүмкіндігі мол өндіріс орындарына тура инвестициялар ағынын құлатын және инвестициялық белсенділіктің өсуін ынталандыратын жағдай жасау;
- іскерлікті қолдаудың мемлекеттік саясатын нығайту, бірінші кезекте ұсақ және орта бизнесті қолдау;

- мемлекеттік биік институттарын, заңдылық пен тәртіпті, төлем және қаржы тәртібін нығайту, экономиканы мемлекеттік реттеу механизмдерін жетілдіру;
- жергілікті мекемелерге орталық мекемелердің кейбір басқару міндетін тапсыруды күшейту, жергілікті органдардың атқару биіктерінің қызметін нығайту мен кеңейтуге бағытталған реформаларды жүзеге асыру.

Еуразиялық интеграцияның өте күрделі жол таңдағаны анық, бұл жерде табысқа жүз процент қол жететініне кепілдік жоқ, тек қана прагматизм, жалпы игілік үшін ынтымақтасудың қажеттігін

түсіну және шыдамдылық ТМД-ға өтпелі кезенді ауыздықтап, өз мемлекеттерінің жалпы өркендеуіне қол жеткізуге көмектеседі.

Қазіргі қалықаралық қатынастарда интеграция көп қырлы, жан-жақты және кешенді процесс. Интеграция бірігуші елдердің жалпы және арнайы ерекшеліктерін есепке алуы қажет. Мемлекет ішіндегі және мемлекетаралық интеграциялардың айырмашылықтары бар, осы екі процесс диалектикалық жағынан бір-бірімен ұласа отырып, жекелеген елдердің, мемлекет топтарының, аймақтық қоғамдастықтардың және жалпы қалықаралық қатынастардың жүйесінің қызмет етуін сипаттайды. Соғыстан кейінгі жылдары қалыптасқан ұлттық, экономикалық және саяси жүйелердегі бүкіл әлемдік бірігу және қалықтардың туыстық араласу процесстерінің белсене жүзеге асуына байланысты объективті өзгерістер қалықаралық қатынастарда пайда болған құбылыстарды концептуальды түрде ойлау қажет екендігін байқатады. Саясатшылар мен ғалымдардың арасында дүниеге келген интеграция идеясы теориялық қалыптасу мен ғылыми болжауды қажет етеді.

Әртүрлі мектептердің шеңберінде пайда болған интеграцияның көптеген саяси теориясы осы көпқырлы процесстің ерекшеліктерін айқындауға тырысты. Соған қарамастан, бүгінге дейін мемлекетаралық интеграцияның тұтас тұжырымды жасалған жоқ. Мүмкін, ол аталмыш процесстің әлемнің әртүрлі бөлігінде объективті арнайы ерекшеліктерімен отыр жатқанына байланысты болар.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАДА ҚАТЫСУЫ

Халықаралық валюта-қаржы және несиелік қатынастары жүйесіндегі
Қазақстанның орны

Қазақстанның дүние жүзілік шаруашылыққа интеграциялануға ұмтылысы оның халықаралық валюта-қаржы және несиелік қатынастарына белсенді түрде қатысуын талап етеді. Бұл қатынастардың толыққанды мүшесі болу үшін Қазақстанға бірталай проблемаларды шешуге тура келді. Негізгі валюталық саясаттың бірі - теңге құнының тұрақтылығын орнықтыру және оны еркін ауысатын валюталарға айырбастауды мейлінше ырықтандыру. Мұның өзі бір жағынан, теңдестірілген (баланстыланған), екінші жағынан, шетелдік тауарлар мен валюталар үшін ашық ұлттық рыноктың болуын талап етеді. Теңгенің еркін ауысатын валюталармен салыстырғандағы курсының (құнының) орнықтылығы. Қазақстан экономикасы үшін дүниежүзілік рынокқа шығудың тиімді жолы.

Қазақстанда қазірдің өзінде теңгенің ел ішінде еркін ауысуына (внутренняя конвертируемость) іс жүзінде қол жеткізіліп отыр. Ішкі еркін ауысу дегеніміз - ол теңгенің ішкі валюта рыногында шетелдік валютаға өзгермелі курс бойынша еркін айырбасталу мүмкіндігі. Ал, теңгенің толық ауысу (полная конвертируемость) мүмкіндігіне жетуі үшін елдің саяси-экономикалық және қаржы-қаражат тұрақтылығы, алтын, валюта резервтерінің жинақталуы, ТМД елдерімен валюталық ынтымақтастық механизмнің қалыптасуы қажет.

90-жылдардың ортасына қарай теңгенің ішкі ауысуының тұрақсыздығы экономиканың, сонымен қатар елде бар ақша айналымының едәуір "долларлануына" әкелді.

Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылыққа интеграциялануға ұмтылыстары қарыз капиталының дүниежүзілік рыногына шығуына, портфельдік және тікелей инвестициялар операцияларына қатысуына мол мүмкіндіктерт береді. Керісінше, егер валюталық шектеулерге шетелдік капитал үшін қолайсыз инвестициялық ақуалға, ұлттық валютаға тұрақты сенімсіздік жағдайларына жол берілсе аталған мүмкіндіктерден айырыларымыз анық. Бұл факторлардың бір-бірімен тығыз байланысты екендігіне ешкімнің күлөні болмаса керек. Осы тізбекті үзіп алмай, экономикалық реформалар бағытымен тығбай қозғалу, шаруашылық жүргізу

механизмнің соның ішінде валюта рыногын дамыта беру Қазақстанның дүниежүзілік рынокта өз орнын табуының кепілі.

Қазақстанның валюта саясатының маңызды бағыттарының бірі ТМД елдермен экономикалық және валюта одағын қалыптастыру. Бұл арада Еуропалық Одақ шеңберінде қалыптасқан бай тәжірибені пайдалану қажет.

Қазақстанның Халықаралық валюта Қоры (МВФ) сияқты халықаралық қаржы ұйымдарына мүше болып Кіруі ел экономикасын жандандыру үшін қарыз, кәсіпкерлік капиталдарын келтірудің оңтайлы жолы болып отыр. Халықаралық экономикалық және қаржы ұйымдары біздің елге бірқатар несиелер береді. Дегенмен, Қазақстанның қазіргі кезеңдегі төлем мүмкіндіктің төмендегі оған бөлінген кредиттердің тауар жеткізуге байланыстырылып, немесе белгілі бір нормалармен (инфляция деңгейі), бюджет тапшылығы т. б.) шектеліп, инвестициялық жобаларға бекітіліп отыр. әрине мұндай жобаларды жедел жүзеге асыру мүмкін емес, ал оның кейбір бөліктерінің пайдаланылмай қалуы да ғажап емес.

1997 жылдан бастап Қазақстан үкіметі өз жұмысының басты бағыттарының бірі шетелдік Инвестицияларды тарту және оларды тиімді орналастыру деп ұсынып отыр. Инвестицияларды дамушы мемлекеттерді былай қойғанда, дамыған елдердің өзінің пайдаланатындығы белгілі.

Шетелдік инвестициялар рыногындағы ақуал оларға деген Шығыс Еуропа және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің орасан зор сұранысына байланысты елеулі шиеленісіп келеді. Осының нәтижесінде капиталды импорттаушылар арасында үлкен бәсеке қалыптасып отыр. Қазіргі уақытта әзірге капиталды тарту мәселесінде Қазақстанның бәсекелестік қабілеті төмен болып отыр. Қазақстан әлі де болса қызмет көрсету және инфрақұрылымды дамытудың шетелдік инвесторларға қолайлы деңгейіне жеткен жоқ. Көптеген заңдарда, нормативтік актілерде шетелдік капиталмен жұмыс істеу жүйесінің өзінде де әлі айқындық жоқ. Біз әрбір инвестормен жеке келісуге мүмкіндік беретін жеңілдіктер мен преференциялардың (жеңілдетілген кеден бажы) икемді жүйесін қалыптастырып, орнықтыруға ұмтылуымыз қажет.

Қазақстанға шетелдік инвестицияларды тарту бағдарламасын әзірлеу қажет, ол мынадай қағидаларды қамтуға тиіс:

1. Біздің елімізге шетелдік бизнесмендердің келуіне байланысты барлық рәсімдерді оңайлату. Біз визалар алу, шекара және кеден бақылауымен ету, жұмыс істеу құқығына және ел ішінде жүріп-тұруға рұқсаттар беру жөніндегі барлық ережелерді және тағы басқаларын қайта қарауымыз керек.

Күлпі іскер әлем қарым-қатынас жасасатын ағылшын тіліне қазақстандықтарды жақсы оқытуды ұйымдастыру қажет. Бұл бәрінен бұрын мемлекеттік қызметкерлер мен қызмет көрсету саласында істейтін адамдарға қатысты, өйткені тәжірибе көрсетіп отырғандай, ірі бизнес тілдік қабілеттері бар елде нашар бейімделеді. Нақ сондықтан да дамушы елдердің көпшілігі осындай, бір қарағанда ұсақ, мәселеге мейлінше салпақалы назар аударады.

Біздің авиажетпілеріміздің, әуежайларымыздың, ондағы қызмет көрсетудің қолайлылығына, жоғары сапалы мейманханаларымыздың, телекоммуникациялардың болуына мән көрсө байланысты. Біздің мақсатымыз шетелдік бизнесменге неғұрлым жеткілікті ықпал көрсету, оның уақытын үнемдеу болуға тиіс. Бұл қызметтердің құны оны әдетте екінші кезекте ғана толғандырады.

2. Инвестицияларға немесе кредиттерге салық үзілістердің жеңілдікті ставкаларды, салық шегерімдерін беруді қоса алғанда, салық жеңілдіктерін, жеделдетілген амортизацияны, жеңілдікті кеден бажын және тағы басқаларын енгізуге баруға турады. Олар мемлекеттік басымдықтарды қоса асыру үстінде жаңа қарымыс салу жайында әңгіме қозғалған жерде және тек қана сонда болуға тиіс.

Тым жан-жаққа шашырай берудің қажеті жоқ қарапайымдан күрделіге қарай жүріп отыру қажет. Бүтін біздің инфрақұрылым объектілеріне — энергетикаға, газ және мұнай құбырларына, әуежайларға, мейманханаларға, байланыс құралдарына, автомобиль және темір жолдарға, су құбырларына назар аударуымыздың қажеттігі айқын. Бұл міндеттерді шешпейінше, елде қолайлы инвестициялық, ақуалдың экспорт пен сауданың, бизнестің өмір сүруін қамтамасыз етудің күлпі жүйесінің жақсы жұмыс істеуі мүмкін емес.

Импортты алмастыру және бәрінен бұрын халық тұтынатын тауарларды, тағам мен ауыл шаруашылық шикізатын өңдеу өнімдерін алмастыру жайында байсалды түрде ойлану қажет.

Ақыр соңында, аймақтық басымдықтарды әрі ең алдымен халықты жұмыспен қамту тұрғысынан айқындау қажет. Жеңілдіктер мен преференциялар жүйесі басымдықтар жүйесімен қатар ұластырылуға тиіс. Бұл ретте жеңілдіктер берудің барлық ықтимал қиындаттарына сенімді тосқауыл қоя отырып, мейліншеш уқыпты түрде ойластырған жөн.

3. Жер мен жылжымайтын мүлікке берілетін құқық түріндегі гранттар, қызметкерлерді оқытуға арналған демеу қаржы, әр түрлі нысандарды азайту түріндегі субсидиялар сияқты нысанды да пайдалану қажет. Бірақ тағы да басым болып табылатын салаларда ғана.

4. Үкіметтің капиталды сыртқа шығаруға, әр түрлі қызметтер мен жергілікті шикізатты әртүрлілікке пайдалануға арналған келісімдерін күшейту қажет.

5. Үйлестірілген және оралымды жұмыс жүргізу үшін тікелей шетелдік инвесторлармен айналысатын арнайы мемлекеттік орган құру қажет.

Шетелдік инвесторларды тарту бағдарламасымен қазірдің өзінде мамандар жұмыс істеп жатыр, өз уақытында ол жария етіледі.

Халықаралық экономикалық ұйымдар және олардың Қазақстандағы қызметі

Халықаралық үкіметаралық ұйымдар (ММПО) қазіргі халықаралық қатынастарда маңызды рөл атқарады. Халықаралық ұйымдардың бұл категориясының маңыздылығы олардың жұмысына мемлекеттер мен үкіметтердің ресми түрде қатысуында болып отыр.

Мемлекеттер бұл ұйымдарға мүшелігін өздерінің сыртқы экономикалық саясаттары мен қызметтерінің басты бағыттарының бірі деп қарастырады. Мұндай ұйымдар үкіметтердің ерекше қамқорлығында: әрбір мемлекеттің сыртқы істер министрлігі құрамында халықаралық ұйымдармен шұғылданатын бөлімдер бар, халықаралық үкіметаралық ұйымдарға төленетін мүшелік жарна мемлекеттік бюджеттің сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызметіне арналған бабының қомақты бөлігіне ие болуда.

Халықаралық үкіметаралық ұйымдардың қатарынан экономикалық мәселелермен шұғылданатын ұйымдардың қызметін атап көрсетейік. Ол үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының экономикалық секторындағы жағдайды қарастырайық. БҰҰ-ның экономикалық және әлеуметтік кеңесі (EKO COC) Бас Ассамблеяға, оның комитеттері — Екінші комитетке (экономикалық және қаржы мәселелері жөніндегі) және Үшінші комитетке (әлеуметтік, гуманитарлық және мәдениет жөніндегі) есеп беруге міндетті.

БҰҰ-ға мүше елдердің қатары өскен сайын экономикалық сектордың салмағы да арта түсуде. 60-жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымының шеңберінде сауда және даму конференциясы (ЮНКТАД), Өнеркәсіпті дамыту жөніндегі ұйым (ЮНИДО) сияқты ірі экономикалық органдар құрылды. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі СТОКГОЛЬМ конференциясы БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП) жүзеге асыра бастады. БҰҰ-ның экономикалық қызметермен шұғылданатын бөлімдері оның ресурстарының басым бөлігін (65-тен 90%-ке дейін) жұмсайтын көрінеді.

Егер БҰҰ-ның мақұлданған мекемелері жөнінде айтатын болсақ, олардың қатарынан “таза” экономикалық бөлімдерді бөліп алудың өзі қиын. Әрине, БҰҰ-ның органдары мен ұйымдарын экономикалық, әлеуметтік т. с. с. деп бөлудің өзі шартты нәрсе. Дегенмен жыл сайынғы жүздеген мипсион бюджеттік шығындар БҰҰ-ның экономикалық қызметінің деңгейін көрсетсе керек. Мысалы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ВОЗ), Халықаралық еңбек ұйымының (МОТ), БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымының (ЮНЕСКО), қызметтерін жалпы талдау

олардың іс-әрекеттеріндегі экономикалық, аспектілердің мейлінше маңызды және басым екендігін көрсетеді.

Қазақстан БҰҰ-ға оның 164-ші ұлттық мүшесі болып 1992 жылдың 2 наурызында қабылданды. Біздің Республика БҰҰ-ның саяси мәселелер жөніндегі бландығы белсенді мүшелерінің бірі Қазақстанның бұл баделді халықаралық, ұйымдағы белсенділігі, әсіресе ядролық қауіпсіздік мәселелерімен тығыз байланысты. Сондай-ақ, Қазақстанның еуразиялық, қауіпсіздікті нығайту жөніндегі бастамалары да көпке мәлім.

Қазақстандық өкілдіктің БҰҰ-ның көлемші органдарындағы іс-қимылдары айтуға тұрарлық. Соңғы уақыттың өзінде Қазақстан БҰҰ-ның экономикалық, және әлеуметтік кеңесінің (ЭКОСОС), елді мекендер комиссиясы мен ақпарат Комитетінің мүшелігіне кірді. Біздің Республика БҰҰ Бас Ассамблеясының көмегі бейбіт мақсаттарға пайдалану комитетінің де мүшесі Қазақстан БҰҰ-ның даму және қоршаған ортаны қорғау Бағдарламасымен (ЮНЕП) де белсенді ынтымақтастықты қолдап, олардың Арал, Каспий, Семей проблемаларын шешудегі көмегіне үніп арғып отыр.

БҰҰ-ның даму Бағдарламасы (ПРООН) 1965 жылы құрылған. Бұл Бағдарлама - дамушы елдерге көп жақты техникалық және инвестицияға дейінгі көмек көрсететін негізгі арна. Аталған көмектер эксперттерді жіберу, жабдықтар беру, стипендиялар тағайындау сияқты нысандарда жүзеге асырылады. БҰҰ-ның даму Бағдарламасының Қазақстандағы қызметі 1993 жылы басталып, ұлттық кадрларды даярлау, үкіметке консультативтік көмек көрсету бағыттарында жүргізіліп келеді.

БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелері

Бүкіл дүниежүзілік метеорологиялық, ұйым (ВМО) — метеорологиялық және гидрологиялық мәселелер жөніндегі халықаралық үкіметаралық ұйым 1950 жылы құрылған. Штаб-пәтері Женевада орналасқан. Қазақстан ВМО-ға 1993 жылы мүше болып кіруіне байланысты оның аймақтық тораптарын құруға қатысу мүмкіндігін алды және ВМО-ның көмектесу бағдарламасы шеңберінде қажетті жабдықтар алуға үл жеткізіліп отыр.

Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ВОЗ) дүниежүзінің 170-тен астам мемлекеттерін біріктіреді. Женевада орналасқан Қазақстан ВОЗ-ға 1992 жылдан мүше. Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы біздің мемлекетке шетелде мамандар даярлау, жаңа әдебиеттер мен оқу құралдарын шығару сияқты істерде көмек беріп отыр. ВОЗ-дың бағдарламасы негізінде Семей полигоны аумағы халқының денсаулық жағдайы мен қажеттіктері

зерттелуде. ВОЗ Алматыда денсаулық сақтау жүйесі үлгіні біліктілігі жоғары маман-менеджерлер дайындайтын Орталық ашуды жоспарлап отыр.

Бүкіл дүниежүзілік интеллекулалды меншік ұйымы (ВОИС) — құрамында дүние жүзінің 140-тан астам мемлекет бар халықаралық, үкіметаралық ұйым. Қазақстан ВОИС-қа 1992 жылдың ақтарынан бастап мүше. Біздің мемлекет өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париск одағының мүшесі және патенттік кооперация жөніндегі шарттың, тауар белгілерін тіркеу жөніндегі халықаралық Мадрид келісімінің белсенді қатысушысы. ВОИС Қазақстанның ұлттық патенттік ведомствосына, мемлекеттік авторлық, құқық агенттігіне мамандар даярлау, техникалық жабдықтау әдістемелік, ақпараттық қолдау мәселелерінде едәуір көмек көрсетіп келеді.

Бүкіл дүниежүзілік почта О даты (ВПС) — халықаралық ұйымдардың ең көнесі 1874 жылы құрылған. Қазіргі уақытта 170-тен астам мүшесі бар. Одақтың мақсаты — почта байланыстарын ұйымдастыру мен жақсартуды қамтамасыз етіп, бұл саладағы халықаралық қатынастар үшін қолданғы жағдайлар жасау. Бүкіл дүниежүзілік почта одағына Қазақстан 1992 жылдың тамызында мүше болып кірді. Сеулде (Корея Республикасы) шақырылған соңғы бүкіл дүниежүзілік почта конгресінде Қазақстан осы одақтың жоғарғы органы — атқарушы кеңестің құрамына сайланды.

Халықаралық теңіз ұйымы (ИМО) 1958 жылы құрылған. Штаб-пәтері Лондонда. 1994 жылдың наурызында Қазақстан Халықаралық теңіз ұйымына мүшелікке қабылданады. Бул одақ кеме қатынасы, теңіздегі қауіпсіздік, навигация, теңіздің ластану мәселелері шеңберінде ынтымақтастыққа қызмет етеді.

Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) 1995 жылы құрылған. 183 мемлекетті біріктіреді. Мақсаты, халықаралық әуе қатынастарының принциптері мен әдістерін жасау; азаматтық авиацияға көмек көрсету; ұшу жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қазақстан Халықаралық азаматтық авиация ұйымына 1992 жылдың шілдесінен бері мүше. 1994 жылы дүниежүзілік әуе транспорты професіне мейлінше интеграциялану үшін, сондай-ақ азаматтық авиацияның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және оның ережелері мен нормаларын қатаң орындау мақсатында Қазақстан Халықаралық азаматтық авиация ұйымының 4-конвенциясына және Протоколына рол қойды.

Халықаралық еңбек ұйымы (МОТ) — дүниежүзінің 170 мемлекетін әлеуметтік әділеттілікті жақтау, еңбек жағдайын жақсарту және қорғау,

мамандыққа үйрету мәселелері тәңірегінде біріктіріліп отыр. Қазақстан Халықаралық еңбек ұйымына 1993 жылдан мүше. 1995 жылы аталған ұйым Алматыда Орталық Азия мемлекеттері үшін өзінің аймақтық офисін ашты.

Халықаралық электр байланысы одағы (МСЭ). Бул одаққа 170 мемлекет мүше. Мақсаты: электр байланысының барлық түрлерінде техникалық жабдықтарын жақсарту телекоммуникация саласына жаңа технологиялар енгізу мәселелерінде халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ету. Қазақстан аталған ұйымға оның Жарғысы мен конвенциясына қол қойғаннан соң 1993 жылдың ақпанында қабылданды.

БҰҰ-ның Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі мамандандырылған ұйымы (ЮНЕСКО) 1945 жылы құрылған. Оның мақсаты дүние жүзінде бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуды ғылым, білім, мәдениет салаларындағы еларалық ынтымақтастықты мейлінше күшейту арқылы жүзеге асыру. ЮНЕСКО-ның секретариаты Парижде (Франция) орналасқан.

Қазақстан ЮНЕСКО-ға 1992 жылдың мамырында мүше болып кірді. Қазақстанда және дүниежүзінің басқа да көптеген елдерінде ЮНЕСКО-ның қамқорлығымен

Абайдың 150 жылдығы және М. Әуезовтің 100 жылдығы салтанатты түрде аталып кетті. 1995 жылдың тамызында Алматыда ЮНЕСКО-ның қамқорлығымен “Орталық Азия мемлекеттеріндегі білім берудің жағдайлары” атты форум өткізілді.

Халықаралық қаржы ұйымдары

Халықаралық валюталық қор (МВФ) 1945 жылы құрылған. Штаб-пәтері Вашингтонда (АҚШ) орналасқан. Мақсаты: халықаралық валюталық ынтымақтастықтың дамуына, дүниежүзілік сауданың кеңеюіне, мүше елдердің ұлттық валюталарының тұрақтануына, олардың төлем балансы мәселелерін қысқа мерзімді несиелер арқылы шешуіне көмектесу.

Халықаралық қайта құру және даму банкі (МБРР) 1945 жылы құрылған. МБРР-дың мүшелігіне тек қана МВФ-тың мүшелері қабылданады. Қазір құрамында 176 ел бар. Мақсаты: өндірісті ұлғайту үлгін күрделі қаржының қажетті бағыттарын ынталандыру, шетелдік жеке меншік капиталды келтіруді ынталандыру, халықаралық сауданың тұрақты түрде өсуіне жағдай жасау, т.б.

Халықаралық даму ассоциациясы (МАР) — (МБРР)-дың филиалы. 1960 жылы ең кедей елдерге процентсіз займ беретін несиелік ұйым ретінде

құрылған, қатарында 154 ел бар. МАР өз несиелерін табысы жан басына шаққанда 1305 доллардан аспайтын елдерге ғана береді.

Халықаралық қаржы корпорациясы (МФК) 1956 жылы экономикасы нашар дамушы елдердің жеке меншік кәсіпорындарын тікелей инвестициялау мақсатында МБЕРР-дың филиалы ретінде құрылған. МФК-ға 156 ел мүше.

Инвестицияларға кепілдік беретін көп жақты агенттік (МАГИ) — МБЕРР-дың филиалы ретінде 1988 жылы құрылған. Қазір МАГИ-ге 110 мүше ел бар. Аталған агенттік дамушы елдерге жеке меншік инвестицияларды тартумен шұғылданады. Бұл ұйым жеке меншік инвестицияларды келтіру бағытында жекелеген үкіметтерге өзінің консультациялық-кеңестік қызметтерін ұсынады. Инвестициялық шіеленістерді реттеуші Халықаралық Орталық (МЦУИС) 90-жылдардың басында құрылған. МБЕРР-дың филиалы.

Қазақстан МВФ пен МБЕРР-ге 1992 жылы мүше болды. Аталған қаржылық ұйымдарға мүше болып кіру мақсатында Қазақстанда 1993 жылдың маусымында Қазақстан Республикасының Халықаралық валюталық қорға, Халықаралық қайта құру және даму банкіне, Халықаралық қаржы корпорациясына, Халықаралық даму ассоциациясына, Инвестицияларға кепілдік беру жөніндегі көп жақты агентігі мен Инвестициялық шіеленістерді реттеуші халықаралық орталыққа мүшелігі туралы" арнайы заң қабылданды.

1993 жылдан бастап Қазақстан Үкіметі экономикада түбегейлі реформаларды жүзеге асыру және қаржылық тұрақтандыруға жету бағытындағы жалпыэкономикалық стратегияны ірдалп келеді.

Азия даму банкі (АБР)—Азия, Тынық мұхиты аймағындағы халықаралық қаржылық мекеме. 1966 жылы құрылған. Штаб-пәтері Манилада (Филиппин) орналасқан. АБР-ға 54 ел мүше. Қазақстан АБР-ға 1994 жылдың қаңтарынан мүше. 1994 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасы Үкіметі мен АБР өкілдігі арасында өзара түсінісушілік Меморандумына қол қойды.

Еуропаның қайта құру және даму банкі (ЕБРР) 1990 жылдың маусым айында Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің рыноктық экономикаға өтуіне көмек көрсету мақсатында құрылған. Қазақстан Еуропалық Банкке 1992 жылы мүше болып кірді. Қазақстанға қатысты Банк стратегиясы екі кезеңнен тұрады. Бастапқы кезеңде техникалық ынтымақтастыққа, әсіресе кадрлар даярлау ісіне көңіл аударылады, екінші кезеңде ауыл

шаруашылығына, энергетикаға, таужен өнеркәсібі мен көлік шаруашылығына нақты инвестициялар тарту көзделеді.



Орталық Азия Экономикалық кеңістігі

Қазақстан экономикасын жандандырудың және оның дүниежүзілік қоғамдастықпен үйлесуін жеделдетудің маңызды факторларының бірі — Орталық Азия мемлекеттерімен тығыз экономикалық, байланыстарды орнықтыру.

Орталық Азия мемлекеттері халықтарының тарихы, мәдениеті, тілі, болмысы терең талпылас. Бұл аймақта орналасқан мемлекеттердің территориясы 4 млн. шаршы км. Халқының саны 50 миллионнан астам. Геосаяси орналасу артықшылықтары, ортақ шекаралары, бір-бірімен байланыстырып жатқан келік және коммуникациялық қатынастары бар, сондай-ақ, табиғи шикізаттар ресурстарының барланған мол көздері бар бұл мемлекеттердің экономикаларының өзара әрекеттесуін жолға қояудың саяси және экономикалық болашағы зор.

Орталық Азия мемлекеттерінің далыған таукең, түсті және қара металлургия, мұнай өңдеу және мұнай химиясы, құрылыс материалдарын өндіру, электроэнергетика, жеңіл және тамақ өнеркәсібі бар.

Орталық Азия аумағындағы интеграциялық процестерді тереңдету және кеңейту мақсатында 1994 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасында Бірыңғай экономикалық кеңістік жасау жөніндегі келісімге қол қойылды. Кейінірек аталған келісімге Қырғызстан қосылды. Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық кеңесі құрылып оның жұмысшы органы — Аткарушы комитет тағайындалды. Сондай-ақ Премьер-министрлер және сыртқы істер, қорғаныс министрлері Кеңестері ұйымдастырылды. Орталықазиялық ынтымақтастық пен даму банкі құрылып, оның жарғылық қорына — Өзбекстан 918 мың доллар, Қазақстан — 833 мың доллар, Қырғызстан — 333 мың доллар салды.

Қаржы және төлем қатынастары шеңберінде ынтымақтастықты дамыту бағытында аталған банк сауда және басқа да операциялар жөніндегі көп жақты мемлекетаралық есептеулерді жүзеге асыруды, төлем жүйелері мен ақша аударуды орнықтыруды, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындар құруға көмектесуді, стратегиялық бағдарламаларды несиелеуді, жалпыаймақтық белгідегі объектілерді қаржыландыруды қамтамасыз етуі тиіс. Бірақ, келісімде көрсетілген Ортақ рынокқа жылжу шаралары, әсіресе өзара сауда сферасында, орындалмай отыр. Мұның өзі бірқатар объективті және

субъективті себептерге байланысты. Олардың ішіндегі ең негізгілері: ұлттық заң шығармашылығындағы айырмашылықтар және осы мемлекеттердің әрқайсысында қалыптасқан экономиканың ахуалы.

Істің үшін кезінде, Орталық Азия мемлекеттерінің экономикаларын үйлестіру жобалары күтілген нәтижелерге жете алмай, ардаған үміттерді ақтап алмай отыр.

Кедендік одақ, 1995 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасы бұдан сәл бұрынғырақ Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы құрған кедендік одаққа қосылды. Кейінірек аталған одақтың төртінші мүшесі болып Қырғызстан қабылданды. Мұндай жауапты қадам “төрттіктен” ұлттық заң шығармашылығы жүйелерін үйлестіру бағытында көптеген жұмыстарды атқаруды талап етті.

1995 жылдың шілде айында Кедендік одақ құрудың бірінші кезеңі аяқталды. Одаққа мүше елдер арасындағы кеден алымдары жойылды, басқа елдердің тауарлары үшін біртектес кедендік алымдар белгіленді, экспорт, реэкспорт және импорт ережелері сәйкестендірілді, Кедендік одақ елдері үшін жеңілдіктердің бірінші ай жүйесі қабылданды.

Қазіргі кезде Кедендік Одақ құрудың екінші кезеңі жүзеге асырылуда. Дегенмен, Кедендік Одақ шеңберіндегі қызметтер көптеген айғыстартыстар туғызуда.

1998 жылы қаңтардың 22-сінде Мәскеуде Мемлекетаралық кеңеске мүше — Қазақстан, Қырғызстан, Беларусь республикаларының және Ресей Федерациясының Президенттері кездесті. Мемлекет басшыларының жоғары дәрежелі бұл кездесуінде төрт мемлекет арасындағы экономикалық байланыстарды нығайтуға негізделген мәселелер төңірегінде ортақ уағдаластыққа қол жеткізілді. Оның көпшілігі кеден тәртібі мен кедендік алымдарға тікелей қатысты. Атап айтқанда, Кеден одағына қатысушы елдердің жалпы кедендік тарифі, ақпараттық салық саясатын үйлестіру, салық қызметінде өзара әрекет етудің негізгі принциптерін анықтау, көлік одағын қалыптастыру, Кеден Одағына кіретін мемлекеттердің аумағы арқылы транзиттік жүктерді тасымалдау шарттарын нығайтастыру және кеденнен өткізілетін тауарларға құжат дайындау тәртібін жеңілдету туралы маңы маңызы зор мәселелер жөнінде шешімдер қабылданды.

Мемлекет басшыларының бұл кездесуінде қызу талқыталып, қолдау тапқан басқа мәселелер де болды. Ол Н. Назарбаевтың тікелей жетекшілігімен дайындалған Бірінші ай экономикалық кеңістік құру туралы шарт жобасы еді. Бұл жобаны дайындау барысында Президент Батыс

Еуропаның, Солтүстік Американың, тағы басқа мемлекеттердің өзара интеграциялық байланыстар жасаудағы тәжірибелерін жан-жақты зерттеуден өткізген. Ол Еуропалық одақтың тарихи базасы ретінде құрылмақшы. Өйткені, Еуропалық одақ дүниеге келгеннен бері өзінің өмірше мәнi зор екендiгiн көрсете бiлдi. Тiмдiлiгi зор, тәжiрибесi көп.

Бiрiншiсi экономикалық кендiстiмiң басты мiндеттерiне: мемлекеттер арасындағы ортақ рынокты қалыптастыру, импорт және экспортқа шығарылатын тауар турлерiн шектеудi жою, осыған байланысты заңдық құжаттар мен нормативтiк актiлердi жақындастыру болып табылады. Жоба бойынша бұлар алты жылда ретке келтiрiлуi тиiс. Әрқайсысы үш жылдан екi кезекке бөлiнген. Еуропалық одақтың кезекi 12 жылға созылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Экономикалық кеңістіктің өтпелі кезеңі деп белгіленіп отырған алты жылдың алғашқы үш жылы дайындық кезеңі болмақшы. Онда келісімге сәйкес құжаттар дайындалады. Ал соңғы үш жыл ішінде барлығы саралтан өткізіліп, тиісті құжаттарға қол қойылып, заңдастырылуы керек. Бірыңғай экономикалық кеңістік құру жөніндегі Н. Назарбаевтың ұсынған бұл шарт жобасы мемлекет басшылары тарапынан мақұлданып, оны елдің үкіметтеріне тапсыру туралы шешімге келді.

Осы жолғы “төрттік” Н. Назарбаев мемлекетаралық интеграциялық байланыстарды дамыта отырып, аталған елдердің арасында гуманитарлық және басқа салалар бойынша қарым-қатынастарды орнатуды көздейтін “Қарапайым адамдар мүддесіне сай бірнеше жеңіл қадам” (Несколько простых шагов навстречу простым людям) деген бағдарлама жобасы барлық қатысушыларды қанағаттандырғанын атап өткен жөн. Онда мына мәселелер қамтылған: әр елдің азаматы өз телдұжаты арқылы төрт мемлекеттің шекарасынан виза, анықтамасыз еркін өтуге, кедендерден 10 мың долларға дейінгі шетел валютасын алып өтулеріне мүлкіндік беру, 10 күнге дейінгі қол жүктерінен кедендік алым алмауға, төрт мемлекет арасында мерзімді басшыларға жазылуға шек қойылмауға, теледидар және радио хабарларын еркін таратуға қатысты мәселелер көрсетілген.

Сондай-ақ Н. Назарбаев Ақмолаға қатысты ойларын да ортаға салды. Ақмолада Еуразиялық іскер адамдардың конгресін, Еуразиялық Банкирлер клубын, Еуразиялық инвестиция банкі, Еуразиялық ғалымдар клубын, тағы басқа халықаралық деңгейдегі ұйымдардың құрылуын қалайтынын айтты.

Халықаралық ұйымдардың қазіргі кездегі атқарып отырған қызметтерінің мәні зор, мазмұны терең. Жер шарының әрбір мемлекеті әр түрлі халықаралық ұйымдардың мүшелігіне кіруді және оның қызметіне араласуды дүние-жүзілік қоғамдастыққа интеграцияланудың негізгі жолдарының бірі деп санайды. Сондықтан мемлекеттің халықаралық ұйымдардың қызметіне толыққанды және тиімді түрде қатысуы мүмкіндігі осы ұйымдардың мақсаты, құрылымы, дүниежүзілік саясат пен экономикадағы рөл жөніндегі ақпараттар мен мәліметтердің толықтығы мен ақиқаттығына тікелей байланысты.

Халықаралық ұйымдарға мүшелікті тиімді пайдалану қандай елдің болса да сыртқы саяси және экономикалық саясатының ең басты мәселелерінің бірі. Мемлекеттің халықаралық ұйымдар мен Одақтардың қызметіне атсалысуы

оның экономикалық дамуына игі әсерін тигізіп, саяси қауіпсіздігіне кепілдіктер береді.

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы». «Егемен Қазақстан», 16 мамыр, 1992 ж.
2. Н.Ә. Назарбаев «Еуразиялық одақ туралы» Қазақстанская Правда 20.10.1999.
3. Послание Президента страны к народу Казахстана. Стратегия "Казахстан-2030".
4. Елемесов Р.Е. «Халықаралық қатынастар» Алматы 2000.
5. Курс экономической теории. Под ред. Чепурина М.Н., - Киров: АСА, 2002г.
6. Мамыров Н.К., Икданаев Ж. Государственное регулирование экономики в условиях Казахстана (теория, опыт, проблемы). Учебное пособие. – Алматы: Экономика, 1998.
7. Таналинов А. «Бұрынғы КСРО елдерінің кешегі мен ертеңі» Алматы 2002
8. «Саясат» журналы #3 2001 жылы
9. «Саясат» журналы #4 2001 жылы
10. «Саясат» журналы #5 2001 жылы
11. «Континент», № 19. 23.10.2001 г.
12. «Континент», № 6. 29.03.2001 Г.
13. Азия – экономика и жизнь 1998 г. №27 (155)
14. Аль-Пари 98г. № 3
15. Вестник КазГУ. Серия экономическая /2002, №4(16)
16. Вестник КазГУ. Серия экономическая /2001, №9